

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

ТСЈ330



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	3
2	Қоңыраулы сағат	4
	Қораптың құрамы	4
3	Жұмысты бастау	4
	Батареяны салу	4
	Сағатты орнату	5
4	Оятқыш таймерін орнату	5
	Оятқышты орнату	5
	Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату	6
	Оятқышты кейінге қалдыру	6
5	Басқа мүмкіндіктер	7
	Артқы жарықты қосу/өшіру	7
	Қыстырғышты жастыққа тағу	7
6	Өнім туралы ақпарат	7
	Ерекшеліктер	7
7	Ақаулықтарды жою	8
8	Ескерту	8

1 Маңызды ақпарат


- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғы қандай да бір жолмен зақымданғанда, мысалы, құрылғыға сұйықтық төгіліп кеткен немесе бір заттар құлап түскенде, құрылғы жаңбырдың астында немесе ылғалда қалғанда, қалыпты жұмыс істемей тұрғанда немесе құлап кеткенде қызмет көрсету қажет.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
- Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап салыңыз.
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.

2 Қоңыраулы сағат

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.
(① -сурет)



3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.


Батареяны салу



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды дұрыс тастау керек.

Суретте көрсетілгендей полюстерін (+/-) дұрыстап 3 дана AAA өлшемді батарея салыңыз. (② -сурет)







Кеңес

- Батарея заряды аз қалғаны туралы көрсеткіш  көрсетілгенде батареяларды ауыстырыңыз.

Сағатты орнату

(③ -сурет)

3



6:00



6:00

- 1 SET түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтайды.
- 2 Сағатты реттеу үшін, + / - түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін, SET түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтайды.
- 4 Минутты және 12/24 сағаттық пішімді орнату үшін, 2-3 қадамдары қайталаңыз.
↳ Орнатылған уақыт көрсетіледі.

4 Оятқыш таймерін орнату

Оятқышты орнату




Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Оятқыш орнату режимін іске қосу үшін, **MODE** түймесін басыңыз.
↳ Ағымдағы оятқыш уақыты (орнатылған болса) көрсетіледі.
- 2 SET түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтайды.
- 3 Сағатты реттеу үшін, + / - түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін, SET түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтайды.
- 5 Минутты орнату үшін, 3-4 қадамдарды қайталаңыз.
- 6 Оятқыш көзін орнату үшін, 3-4 қадамдарды қайталаңыз. (⑥ -сурет)

6



- ↳ Оятқыш орнатылып, ағымдағы уақыт көрсетіледі.

Оятқыш көрсетуі	Оятқыш белгішесі	Оятқыш ұзақтығы
Төмен деңгейлі діріл	10	15 мин
Жоғары деңгейлі діріл	12	15 мин
Дыбыстық сигнал	14	15 мин
Дыбыстық сигнал мен діріл	16	15 мин



Кеңес

- Дыбыс деңгейін қолмен реттеу мүмкін емес.
- Қоңыраулы сағат дірілдегенде, алғашқы екі минутта діріл баяу басталып, біртіндеп жылдамдығы артады.

Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату


Оятқыш таймерін іске қосу үшін, **ALARM** қосқышын **ON** (Қосулы) күйіне ауыстырыңыз.

- ↳ Оятқыш белгішесі мен көзі көрсетіледі.

- ↳ **SNOOZE/LIGHT** түймесінен басқа барлық түймелер құлыптанады. Қандай да бір параметрлерді өзгерту үшін, алдымен **ALARM** қосқышын **OFF** (Өшірулі) күйіне ауыстырыңыз.


Оятқыш таймерін ажырату үшін:

ALARM қосқышын **OFF** (Өшірулі) күйіне ауыстырыңыз. (5 -сурет)



Оятқышты кейінге қалдыру

Оятқыш дыбысы шыққанда, **SNOOZE** түймесін басыңыз. (7 -сурет)



- ↳ Оятқыш кейінге қалдырылып, тоғыз минуттан кейін қайтадан шырылдайды.

5 Басқа мүмкіндіктер

Артқы жарықты қосу/өшіру


Артқы жарықты қосу үшін, LIGHT түймесін басыңыз.

↳ Қуатты үнемдеу үшін, артқы жарық 5 секундтан кейін автоматты түрде өшеді.

Қыстырғышты жастыққа тағу

Қоңыраулы сағат төсектен сырғып түсіп кетпеу үшін, жинақпен берілген қыстырғышты суретте көрсетілгендей етіп жастықтың тысына тағып қойыңыз. (④ -сурет)

4



6 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Қуат тұтынуы (батарея)	3 X 1,5 В ААА батареясы
---------------------------	----------------------------

Өлшемдері:

-Негізгі құрылғы

(Е x Б x К)	82 x 82 x 19 мм
-------------	-----------------

Салмағы:

-Негізгі құрылғы	0,07 кг
------------------	---------

7 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Батареялардың дұрыс салынғанын тексеріңіз.

Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыстап орнатыңыз.
- Батареяларды тексеріңіз.

Сағат/оятқыш параметрі өшіріліп кеткен

- Сағатты/оятқышты бастапқы қалпына келтіріңіз.

Түйме басылғанда реакция жоқ

- Түймелер құлыптанған. Оларды ашу үшін, **ALARM** қосқышын **OFF** (Өшірулі) күйіне ауыстырыңыз.

8 Ескерту

Philips Consumer Lifestyle тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандай да бір өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды

қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

2013 © Koninklijke Philips Electronics N.V.

Барлық құқықтары қорғалған.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. Сауда белгілері Koninklijke Philips Electronics N.V. компаниясының немесе өздерінің тиісті иелерінің меншігі болып табылады. Philips кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісті түрде реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.



Specifications are subject to change without notice
© 2013 Koninklijke Philips Electronics N.V.
All rights reserved.

TCJ330_12_UM_V1.0

